

Павлодар облысы әкімдігі
Павлодар облысы білім беру басқармасының
«Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖҚ КМК

Бекітемін
Жаяу Мұса атындағы Ақсу
жоғары көпсалалы колледжінің басшысы


_____ А. Айтуарова
« 26 » 10 2023ж.



**Комплаенс қызметі туралы
ЕРЕЖЕ**

АҚСУ
2023 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖҚ КМК комплаенс-қызметі туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) комплаенс-қызметтің мәртебесін, міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен жауапкершілігін айқындайды.

2. Комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты «Жаяу Мұса атындағы Ақсу жоғары көпсалалы колледжі» ШЖҚ КМК (бұдан әрі - Колледж) мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

3. Колледждің комплаенс-қызметінің міндеттері:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-Заң) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде колледждің комплаенс - қызметі келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1) колледж басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың жүйелілігі;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

5) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

2. КОЛЛЕДЖДІҢ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

5. Колледждің комплаенс-қызметінің қызметі оның функцияларын колледж басшысы бекіткен жауапты тұлғаға жүктеу жолымен жүзеге асырылады.

6. Комплаенс-қызмет функцияларын жүктеу туралы шешімді колледж басшысы қабылдайды, ол өз кезегінде колледждің ресми сайтында орналастырылады.

7. Колледждің комплаенс-қызметі Колледж басшысына есеп береді.

3. КОЛЛЕДЖДІҢ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8. Колледждің комплаенс-қызметі қызметкерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі колледж басшысы бекіткен жауапты тұлғаның лауазымдық нұсқаулығында айқындалған.

9. Комплаенс қызметіне келесі функциялар жүктеледі:

1) Колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдау;

5) Заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар санатына жататын Колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы мәніне мониторинг жүргізу;

6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;

7) Колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауын бақылау;

8) азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

10) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және / немесе оларға қатысу;

11) квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмысты үйлестіру;

12) Колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг және талдау.

14) колледждің азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізуін қамтамасыз ету.

10. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін колледждің комплаенс-қызметіне келесі құқықтар мен міндеттер беріледі:

1) Колледждің құрылымдық бөлімшелерінен ұйымның ішкі құжаттарымен реттелетін бекітілген тәртіптер шеңберінде, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер мен материалдарды сұрату және алу;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді колледж басшысының қарауына шығаруға бастамашылық жасау;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;

4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысуға;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыруға және өткізуге міндетті;

6) колледж және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті;

7) сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясат пен рәсімдерді бұзу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті;

8) Колледж басшысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етуге міндетті;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

4. КОЛЛЕДЖДІҢ КОМПЛАЕНС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

11. Колледждің комплаенс-қызметінде «сенім телефоны» бар, ол бойынша азаматтар колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпарат бере алады немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізе алады.

12. Колледждің комплаенс-қызметінің қызметкері мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) қатыспауы тиіс (өткізілетін іс-шара шеңберінде қаржылық, мүліктік, туыстық немесе қандай да бір өзге де мүдделіліктің болуы).

13. Колледждің комплаенс-қызметі ұйым қызметкерлерін жұмысқа қабылдау сәтінен бастап, басқа лауазымға тағайындау кезінде, сондай-ақ біліктілігін арттыру кезінде (жылына кемінде 1 рет) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына жүйелі оқытуды қамтамасыз етеді.

14. Колледждің комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша қабылданған шаралар туралы есеп береді:

1) жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне колледждің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтиды.

15. Колледж өзінің контрагенттерін, іскер серіктестерін, азаматтық қоғам институттарын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өткізілетін іс-шаралар туралы тұрақты негізде хабардар етуге тиіс.

5. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№ р/р	Өзгерістер жататын тармақтың №	Өзгерісті енгізу күні	Негіздеме (бұйрықтың №, күні)	Өзгеріс енгізілген күн	Өзгеріс енгізген тұлғаның қолы

6. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ р/р	Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Күні	Қолы